

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алуға бағытталған ұлттық алдын алу тетігін жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2013 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 15 тамыздағы № 139-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алуға бағытталған ұлттық алдын алу тетігін жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - **т і з б е**) **б е к і т і л с і н .**

2. Орталық мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге **е н г і з с і н ;**

2) тиісті ведомстволық құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр* *С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

1 5

т а м ы з д а ғ ы

№

1 3 9 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алуға бағытталған ұлттық алдын алу тетігін жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің тізбесі**

Р/с №	Нормативтік құқықтық немесе құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болу бойынша шығыстарын өтеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АҚҰО (келісім бойынша), Қаржымині, ЭБЖМ	2013 жылғы тамыз
2	Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларынан құралатын топтардың алдын ала болу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АҚҰО (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), ПМ, ҰҚК, ДСМ, Еңбекмині, БҒМ, Қорғанысмині, Қаржымині, ЭБЖМ	2013 жылғы қыркүйек
3	Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларын іріктеу қағидаларын бекіту туралы	Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкімі	АҚҰО (келісім бойынша)	2013 жылғы тамыз
4	Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жанындағы Үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту туралы	Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкімі	АҚҰО (келісім бойынша)	2013 жылғы қыркүйек
5	Алдын ала болу үшін ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларынан топтар құру қағидаларын бекіту туралы	Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкімі	АҚҰО (келісім бойынша)	2013 жылғы қыркүйек
6	Алдын ала болу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы	Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкімі	АҚҰО (келісім бойынша)	2013 жылғы қыркүйек
7	Алдын ала болу қорытындылары бойынша жыл сайынғы жинақталған баяндаманы дайындау қағидаларын бекіту туралы	Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкімі	АҚҰО (келісім бойынша)	2013 жылғы қыркүйек
8	Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жанындағы Үйлестіру кеңесінің мүшелерін сайлау жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы	Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкімі	АҚҰО (келісім бойынша)	2013 жылғы тамыз

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БП - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті

ПМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Қорғанысмині - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

АҚҰО - Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК